

Мемлекеттік шығыстарды басқарудың тиімділігін арттыру және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылықтың қызметін жандандыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 тамыз N 977

Мемлекеттің ақша ағынын басқаруды жақсарту, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың ролін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары:

келесі жылға республикалық бюджетті бекіткеннен кейін екі апта мерзім ішінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың аумақтық тиесілігіне қарай жиынтық және жеке шығыс сметаларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беретін болсын;

бюджеттік қаражатты қазынашылық рұқсаттарда белгіленген лимиттер мөлшерінде жұмсасын;

республикалық бюджет бекітілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметінен қосымша бюджеттік қаржы бөлуді өтіну практикасын тоқтатын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

мемлекеттік банктердің және нысаналы қаржыландыру қорларының республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты пайдалануына қатаң бақылау орнатсын;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың бюджеттік және ағымдағы шоттарының шығыстары жөніндегі төлем құжаттарына алдын ала бақылау жасауды енгізісін;

Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде кедендік ресімдеу кезінде бюджеттің кірісіне төленетін кедендік төлемдер мен салықтардың бюджеттің кірісіне күнделікті түсуін көздей отырып, оларды есептеудің тәртібін әзірлесін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджет банкі жүйесінің қалыптасуына қарай қазынашылық рұқсаттарды кезең-кезеңімен енгізу арқылы республикалық бюджет шығыстарын қаржыландырудың жана тәртібін енгізуге кіріссін;

тиімділігін арттыру мен атаулылығын жетілдіру мақсатымен бюджеттік қаражатты жұмсаудың басымдығын (ағымдағы шығыстар үшін, сондай-ақ күрделі қаржы үшін) қайта қарасын;

1998 жылы республикалық бюджеттің кірісі мен шығысы жөніндегі қазынашылық операцияларды басқарудың компьютерлік жүйесін іске қоссын, Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық пен оның аймақтық органдарының арасында коммуникация

жүйесін енгізу бағдарламасын әзірлесін;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың валюта шоттарын ашу тәртібі мен жұмыс режимін әзірлесін және 1996 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі